

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№3/2024

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2024

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токал Газиосманпаша университеті, Токал, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 24.09.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 24.09.2024ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типопр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkeпова K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 24.09.2024 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS

ZHABAYEVA S.S.	The cognitive semantics of language: exploring lingua-cultural aspects and the specifics of metaphoric representation	7
ZHANZHIGITOV S.ZH.	Gender linguistics: analysis of scientific publications in Scopus	16
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ.	Қазақстан топонимдерінің диахрониясы (Тәуелсіздік кезеңі)	30
ИМАНГАЗИНА М.А.	Аудармадағы коммуникант эмоциясы: түр-түс атауларының қызметі мен семантикасы	41
ИСКАКОВА К.А., ОСПАНОВА Ж.Т.	Тактико-стратегическая организация научно-популярного дискурса (на материале публикаций А. Кекильбаева)	53
KARTZHAN N.E., ISSAKOVA S.S., KENZHEMURATOVA S.K.	Linguistic representation of the concept of «mental activity» in the kazakh fairy-tale discourse	63
KERIMBAYEVA K.K., BEISENBAI A.B.	Language surrounding poverty in early modern england	80
SHORMAKOVA A., RAMAZANOV T., SADYK A.	Dialogic character in the national nonverbal means	88

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES

АКБУЛАТОВ А.А., МУТИЕВ З.Ж., ТУКЕШОВА Н.М.	Мақсұт Неталиев поэзиясындағы «заман, қоғам, уақыттың» көркем суреттері	98
AMANGAZYKYZY M.	The motif of the urban environment's influence on the individual	110
GILEA A., VOLKOVA L.V.	The category of the "other" in the axiology of contemporary literary fairy tales of kazakhstan	122
ЖҰМАТАЕВА А.Н., МҰХАМЕДИЕВ Д.	Абай поэзиясындағы «жаңа қазақ әйелі» болмысының көркемдік аксиологиясы	131
ҚАСҚАБАСОВ С.А., КАРИПБАЕВ Ж.Т.	Алаш әдебиетіндегі фольклорлық негіздер	142
ҚЫДЫР Т.Е., ТАДЖИЕВ Х.Х.	«Нәһж әл-фәрадис» және XX ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы	153

МАУЛЕТ А., ТОЙШАНҰЛЫ А.	Шетелдегі қазақтарда сақталған фольклорлық-музыкалық кейбір жанрлардағы ортақ ерекшеліктер	164
МИРАЗОВА М.Н.	Сакралды кеңістіктегі үңгірлер	177
TOLEGENOVA R.K., AMANGELDIYEVA G.A.	The etymology of family conflict in modern women's prose	185
ШОРМАКОВА С.М., БЕЙСЕНҰЛЫ Ж., АБДИМОМЫНОВ Е.Б.	Әдеби-герменевтикалық талдау – көркем шығармаларды зерттеудің тиімді әдісі	193

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ /
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ /
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BERDIKULOVA A., SHADIYEVA N., TEMUR N.	Test-type tasks used in the development of reading skills	202
ЕЛУБАЙ А.Б., ТЕМІРХАН Ж., АВАКОВА Р.А.	Мобильді қолданбалардың шетел тілін оқыту барысындағы нәтижесі және педагогикалық ескертпелері	212
НОСИЕВА Н.К.	Формирование кросс-культурной компетенции у изучающих казахский язык в качестве второго	221
УРАЗАЛИЕВА У., БЕКАЛАЕВА А.О., КАСЫМОВА Г.	Обучение через виртуальную реальность: результаты пилотного исследования английского языка	235

*А. МАУЛЕТ¹ 

А. ТОЙШАНҰЛЫ² 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан¹

Халықаралық Түркі академиясы, Астана, Қазақстан²

(e-mail: nurterek@gmail.com¹, mr.ardabi@mail.ru²)

***ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАРДА САҚТАЛҒАН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ-МУЗЫКАЛЫҚ КЕЙБІР ЖАНРЛАРДАҒЫ ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

Аңдатпа. Мақалада көшпелі қазақ даласында кең таралған, ортақ ерекшелікке ие музыкалық-фольклорлық бәдік-күләпсан, жаңылтпаш сияқты жанрлар қырғыз, өзбек, құмық, моңғол секілді халықтардың кейбір жанрларымен салыстырылып тексерілді. Мысалы, фольклорда кездесетін магиялық ескі өлең (музыкалық әуенге құрылған) бәдік-күләпсан Орта Азияда өмір сүретін қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжік халықтары арасында ғана аймақтық сипатта таралған. Бұл өлең басқа туысқан түрік халықтарының ешбірінде кездеспейді, сол себептен де авторлар бәдікті түрік бірлігі ыдырағаннан кейін пайда болған жанрлық түр деп санайды. Бәдік жанры алғашында ежелгі түрік халықтарының дерт көшіру ғұрпында орындалатын магиялық ескі өлеңді негіз етіп пайда болған. Алайда бұл өлең бүкіл түркі халықтарына ортақ таралмай, тек қана Орта Азия халықтарына таралғандықтан оның мәтіндері кейінгі замандарда қалыптасқан деуге негіз бар. Ал Жаңылтпаш ықшам жанр болғандықтан оны зерттеу ісі де кешірек қолға алынды. Жаңылтпаш бәдік-күләпсан сияқты нақтылы музыкалық формасы бар әуенмен емес, әр адамның интонациялық ерекшелігіне сай көбінесе біркелкі әуенмен тақпақталып айтылып, сөздің тазалығына баса мән беріледі. Сондықтан да, бәдік-күләпсаңда музыкалық әуеннің ерекшелігі басымырақ деуге болады. Жаңылтпаш ауыз қуысындағы мүшелер толық дамымай сақаулана сөйлейтін ерке-шолжаң балалардың тілін түзетуге ұтымды пайдаланылып, оларды шешендік өнерге баулып жаттықтырған ойын құралы екені зерделенді. Ал Бәдік-күләпсан өлеңі Орта Азиядағы қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, тәжік халықтарына ғана аймақтық сипатта жайылған, өлеңдетіп айту арқылы магиялық жолмен ауру-дертті көшіруге арналық фольклорлық жыр. Кейде бәдіктің бір түрін күләпсан деп те атаған.

Бұл зерттеуде қазіргі таңда Өзбекстан қазақтарында ғана қолданылуын сақтаған бәдік-күләпсан өлеңі мен ел аузынан жиналған жаңылтпаштар, сонымен бірге алаш зиялыларының әлі де жариялана қоймаған сирек кездесетін кітаптарындағы үлгілер ғылыми айналымға енгізілді.

Түйін сөздер: бәдік, күләпсан, жаңылтпаш, фольклор, түркі халықтары, бала тілі, экспедиция, зерттеу.

Кіріспе. Бәдік – адам мен малға жұққан дертті көшіру ғұрпында орындалатын магияны арқау еткен көне өлең. Бұл өлең қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжік халықтарында бар. Дерт көшіру салтында әртүрлі арбау мәндес өлеңдер айтқанымен бауырлас башқұрт, татар, түрікмендер, Кавказды, я болмаса Алтайды, Сібірді мекендейтін түрік жұрттары

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР14972919 «Ұлттық бірегейлік аспектісінде, шетелден оралған қазақтардың музыкалық мәдениетінің аймақтық-орындаушылық стилін тарихи-мәдени тұрғыдан зерделеу» ғылыми жобасы аясында жазылды.

бәдікті тіпті білмейді [1, 149]. Бәдік, күләпсан деген сөздер – зиянкес аурудың қаскөй рух-иесінің мифологиялық аты. Мал мен адамның бойындағы бәдік ауруын қуу, көшіру үшін ерте кезде халық топтасып, улап-шудап өлең айтатын болған. Сөздің дуасы және музыкалық әуеннің әсерімен кеселді дертті қуу рәсімінде айтатын осы өлең кейін келе әу бастағы салттық, емдік сипатынан айырылып, қыз бен жігіттің күлкілі ермек үшін жұптасып айта беретін жаттамалы өлеңіне айналып кеткенге ұқсайды.

Бәдік жанры туралы Ә. Диваев [2], А. Байтұрсынұлы [3, 303], С. Сейфуллин [4, 98], [5, 171-176], М. Әуезов [6, 237-238], Б. Кенжебаев [7, 43], Н.А. Баскаков [8, 85-87], С. Мұқанов [9, 191], М. Жармұхамедов [10, 30-32] пікір білдіріп, мәтіндерін жарияласа, Н. Дауқараев [11, 142], Б. Уахатов [12, 159-163], Б. Абылқасымов [13, 18-49] секілді ғалымдар жүйелі зерттеу жүргізген.

Бәдік сөзінің этимологиясына қатысты тиянақты талдау жасаған көрнекті ғалым Б. Абылқасымов былай дейді: «Өзбек тілінің сөздіктеріне «бәдік» кірмесе де «бадхох» енген. Ол орысша «недруг» «недоброжелатель» деп аударылыпты, қазақшасы қас, дұшпан деген ұғымдарға келсе керек. «Бадхохтың» арғы түбі, төркіні тағы да тәжік-парсыныкі: «бадхох» – жауыз, қас, мейірімсіз деген ұғымдарға қолданылатын сөз» [13, 24]. Сонымен, бәдік тәжікше (парсыша) «бадхох», «бадху» – жауыз, қас, мейірімсіз, яғни дерт дарытушы қаскөй күш, жауыз рух деген мағына береді деуге негіз бар [13, 41].

Кейде бәдіктің бір түрін қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжіктер күләпсан деп те атаған. Мысалы, қазақта А. Байтұрсынұлы жариялаған күләпсан өлеңінің бір үлгісі бар. «Бәдік пен күләпсан өлеңі бір мазмұнды болады» деп жазады ол [3, 302-303]. Демек, бәдік, күләпсан өлеңі көбінде жеке дара, арақідік қосарланып айтылғанымен, түптеп келгенде олар – ортақ бір зиянкес аурудың рух-иесін бейнелейтін мәндес атау, бұларды атына қарап екі бөлек кесел деп ұғуға мүлде болмайды. Бәдік (күләпсан) дегеніміз адам мен малдың денесіне жабысқан ауру-кеселдің қаскөй рухын басқа нысанға көшіру ғұрпы арқылы қуу, аластау рәсімін өткергенде ұжымдасып топпен орындалатын магиялық көне өлең деуге болады. Бәдік өлеңді қазақ, қарақалпақ, қырғыздар негізінен топпен, қыз бен жігіт болып екіге жарылып айтатын болған. Ал өзбек пен тәжікте оны көбінде арнайы маманданған бадикхон, фолбиндер орындайтын және олар бұл үшін неше түрлі күрделі салттық рәсімдер атқаратын.

Айталық, бадикхон бәдік қуу рәсімін сәрсенбі, жұма, сенбіде, күн батарда, кешқұрым өткеретін [1, 154]. Бірінші күні бауырсақ пісіріп, ауру жанның басынан үш айналдырып, ауладан сыртқа тастап, оны жеген жануарға бөлекет аусын деген ырым істесе, екінші күні бидай қуырып, оны да солай істеп, құстар жесін деп тамға шашатын, ал үшінші күні ауруды жасқап ұрып отырған жас шыбықтарды күнге жайып қоятын, осылайша дерт бауырсақ, бидай арқылы басқаға ауып, шыбық секілді кеуіп құрғап жоғалсын деген ишара жасайтын. Аурудың үстіне алғашқы күні қызыл, одан кейін қара, үшінші күні ақ мата жабатын, мұнысы – қызыл бөртпе жара қызыл шүберекке сіңіп, одан қарайып құрғап, соңында ағарып ұшып жоғалсын деген тұспал [1, 156].

Ал балалар фольклорының қысқа жанры болғандықтан жаңылтпашты зерттеу ісі эпос, ертеке, жыр секілді көлемді үлгілерден кештеу қолға алынғаны байқалады. Қазақ жаңылтпаштарының ғылыми нысанға айналуына із ашқан – аса көрнекті қайраткер Мұстафа Шоқаев. Ол түрколог А.Н. Самойловичке бірнеше жаңылтпашты айтып жаздырып, түсінік жасайды [14, 6-7]. Одан кейін алаш көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы баспадан шығарған «Әдебиет танытқыш» еңбегінде жаңылтпашқа тұңғыш ғылыми анықтама береді [15]. Белгілі алаш қайраткері Телжан Шонанұлы 1927 жылы жарыққа шығарған «Балаларға тарту» оқу құралында бір топ жаңылтпаштарды жариялайды [16, 57]. Ә. Диваев, М.Ф. Гаврилов [17] секілді фольклортанушы ғалымдардың жинақтарына да жаңылтпаштар енгені мәлім.

Жаңылтпаш – әлем халықтарының фольклорында кең таралған дидактикалық шағын жанр. Жаңылтпашты қырғыздар «жаңылмач», қарақалпақ «жаңылтпаш», түріктер «yaniltmаса», «tekerleme», түрікмендер «yangiltmach», әзербайжандар «yangiltmach» [18],

өзбектер «тез айтишлари» [19, 276], татарлар «тизәйткешләр» (тезайтқыштар), құмықтар «чалт сөз, чалт сөйлөв», моңғолдар «хэл зүгшрүүлэх үг», «хэл жасах үг», «жороо үг» («тіл түзейтін сөз», «тіл жасайтын сөз», «жорға сөз») деп атаған [20, 93].

Ол – қазақ балалар өлең-ойындарының ішінде салмақты орын алатын тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі де күрделі үлгі. Жаңылтпашты зерттеушілер ойын-сауық фольклорына жіктеген. Мәселен, А.Байтұрсынұлы оны «сауықтама», яғни «сауық сөз» қатарына енгізген.

«Жаңылтпаш» деген ат жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады», - деп алғаш анықтама берген. Ұлт ұстазы оқулықтарында «Кім жаңылтпаш жасайды?» деп балаларға өз бетімен орындауға тапсырмалар беріп отырады [21, 575-580-586-598]. Осылайша жасөспірімнің тілін ғана емес, ой ұшқырлығының дамуын қалыптастыруда жаңылтпаштың маңызды екенін ескереді.

Бәдік-күләпсанды негізінен үлкендер жағы айтады. Ал жаңылтпашты да көбінесе үлкендер жағы балалардың тілін сындырып, жаңылмай тез, таза айтуы үшін айтады. Айтылуы жағынан бәдік пен жаңылтпаш негізінен үлкендер жағы айтатын жанр есептеледі. Бәдік-күләпсанда музыкалық әуеннің ырғағымен әндетіп, тақпақтатып көш, көш деп бұйыра, пәрмен бере айтылса, жаңылтпашта мәтін тақпақталып бір сарынды (бәйіттің мақамында) тез айтылады да, адамды жаңылдыру мақсат етіледі.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Тақырыпты зерттеу барысында, кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру арқылы далалық зерттеу барысында кең таралған тарихи және зерттеу сипатындағы сұхбат алу әдісінің көмегімен сұхбат берушінің ақпаратын алу және оны тіркеу, құжаттау және архивтеу әдістері қолданылды. Мәселені зерттеуде сипаттау, анализ және синтез сияқты – жалпығылымдық, сонымен қатар, тарихи-салыстырмалы арнайы-ғылыми әдістері қолданылды. Сипаттау әдісі бәдік-күләпсан және жаңылтпаш жанрларына байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар туралы ақпарат беруде пайдаланылды. Анализ және синтез әдістері қарастырылып отырған осы жанрлардың ұлтымыз өміріндегі рөлі мен ерекшеліктерін анықтауда, ал тарихи-салыстырмалы әдіс жаңылтпашқа байланысты деректерді талдауда қолданылды. Этнографиялық экспедиция ұйымдастыру барысында, этнографиялық материалды жинау әдістері (бақылау, сұхбат алу, ауызша және заттық деректерді анықтау және бекіту, аудио-видео таспаларға жазу, деректерді өңдеу) пайдаланылды.

Талқылау мен бақылау. Бәдік-күләпсан өлеңдері көшпелі қазақ қоғамында малға не адамға келген ауру-дертті өлеңмен көшіру үшін айтылатын өлең түрі. Бәдік – миф пен рәсім тоғысқан кешенді құбылыс. Бәдік жанрындағы уақыт пен кеңістіктің қым-қиғаш болуы – рухтар әлеміндегі мифологиялық кейіпкерлердің кәдімгі халықтың тұрмыс-тіршілік кеңістігімен бетпе-бет түйісуінің, араласуының көрінісі. Бұл өлеңде адамдардың мамыражай кеңістігіне келіп сойқан салып отырған жұқпалы дерттің қаскөй иесі, дауа іздеп дағдарған сырқат, шипагер көшіруші емші-домшы, жауыз бәдік көшетін жаңа нысан төрттігінің ара-қатынасы бейнеленеді. Ежелгі анимистік танымда, әрбір заттың жаны, рухы бар, ол жан ұдайы бір денеден басқа денеге көшіп жүреді, қонақтайды деген ұғым орын алған. Халқымыз түрлі ауру-сырқау, кесір-қырсықтың «қас иесі» бар, ырыс, несібе, бақыт, құт-кепиеттің «дос иесі» бар, өмір – осы екі бітіспес күштің майданы, ал оны реттейтін құдіретті емші-домшы, бақсы-құшынаш, тарымшы-арбаушы, балгер-тәуіп, аузы дуалы батагөй, сәуегөй абыз бар деп иланатын. Әлбетте, магиялық фольклордың іргелес жанрлары бәдік, арбау, бақсы сарыны осынау байырғы наным-сенімге табан тірейді, оларда мәтін, ғұрыптық әрекет, әуез-ишара ортақ кешенді құрайды, сол себептен бұл үш жанрды ежелгі әлеуметтің ортасында ертеде өмір сүрген тірі миф деп айтуға толық негіз бар.

Бәдіктегі жанның басқа денеге көшуі, бір денеден екінші денеге жасырын өтуі, бір нысанда қамалып, тығылу көріністері ертегі сюжеттерінде сиқыршы кейіпкерлер жасайтын шытырман айлакер амалдармен сабақтас болып келеді. Айталық, қырғыз бәдігіндегі мына

шумақтарға ұқсас құбылыстар кейіннен қиял-ғажайып ертегінің сюжеттерін жалғайтын өнімді бунаққа айналғанға ұқсайды:

<p>Қырғызша: Кызыл, түлкү, калтары, Кымбат баа буйуму. Кызыктырсаң сен болуп. Карала барчын мен болуп, Асманга учуп барамын, Арышымды саламын, Капыр сени жарамын. Көч-көч, бадик көч, бадик, көчүрөйүн, Бадик болгон атыңды өчүрөйүн! Жики, таруу сен бөкүп калың чөпкө, Жиндин ээси алып келип сени төксө, Жөжөлүү тоок мен болуп койбойм сыра, Терип жесем денкейип тойбойм сыра.</p>	<p>Қазақша: Қызыл, түлкі, қалтары, Қымбат баға бұйымы. Қызықтырсаң сен болып. Қарала баршын мен болып, Аспанға ұшып барамын, Қарыштап самғап аламын, Кәпір сені жарамын.. Көш, көш, бәдік, көш бәдік көшірейін, Бәдік болған атыңды өшірейін! Ұсақ тары сен болып, қалың шөпке, Жын иесі әкеліп сені төксе. Шөжелі тауық мен болып қоймайм, сірә, Теріп жесем теңкііп тоймайм, сірә.</p>
---	---

Енді осы шумақтарды ертегідегі мына эпизодтармен салыстырсақ, жанраралық жалғастықтар табиғаты айқын танылады:

«Өнерші бай көре салып, үйіне қашып бара жатқан тайлақты қуыпты. Тазша сонда түлкі болып қашыпты, өнерші бай тазы болып қуыпты. Өнерші бай жете берген кезде, Тазша түлкіден үйрек болып ұшыпты, бай онда қаршыға болып қуыпты, біраздан соң Тазша бала торғай болып қашыпты, онда бай қырғи болып соңына түсіпті. Онан соң Тазша торғай қалыбына түсіп, ұшып келіп, шарбаққа қонып отырыпты. Бай қырғи боп келіп таяла бергенде, Тазша қорқып шүберек болып жерге түсіпті. Өнерші бай кісі болып келіп, шүберекті қолына алайын депті. Тазша тары болып шашылыпты. Өнерші бай тауық болып шұқиын дегенде, Тазша мысық болыпты да, тауық болып жүрген өнерпаз байдың желкесін қиып, үнін өшіріпті. Сөйтіп оның қызын алып, мұратына жетіпті» [22, 72-74].

Бәдікті көшірушілер негізінен оны біріншіден, жан-жануарға, екіншіден, басқа адамдар мен заттарға, үшіншіден, табиғат нысандарына аударғысы, қуғысы келеді. Бір нысаннан екінші нысан қызықты да тартымды бейнеленіп, тізбектер динамикалық сипатта жалғаса береді.

Арбауда қорқыту, бұйрық, пәрмен беру, зекіру сарындары үстем болса, мұндай құбылыстар кәсіби бадикхондар өткізетін өзбек бәдігінде басым болғанымен, топтық ұжым өткеретін қазақ, қарақалпақ, қырғыз бәдігінде некен-саяқ. Бұл халықтардың бәдігінде негізінен алдау, бопсалау, кейде қорқыту-үркіту, көбінде басқа соны нысандарды үсті-үстіне үдетіп мақтай бейнелеп, бәдікті қызықтырып, құнықтырып шырғалап, айла-амал жасап, әзіл-оспақ, тәлкек, ойын-күлкімен, бәдік өлеңнің өзінде айтылғандай, «кәпірді көшірелік ебін тауып» [23, 27], «шайтанды ептеп-ептеп көшірелік» деген амалды недәуір тұрақты қолданғаны байқалады.

Бәдікті қорқыту-үркіту сарыны төменгі жолдарда өрнектелген: «Бәдікті итере сал суға таман», «Бәдікті итере сал отқа таман», «Көзіме бәдік болып бір көрінсең, Төбеңе жаңғақ қойып шағар едім», «Бәдікті Құдай айдап қолға берсе, Келместей қып ағашқа таңайық та».

Бәдікті бопсалау, әзіл-тәлкекке айналдыру былайша суреттеледі:

Қылмасам сен бәдікті қас масқара,
 Мойныға тозып қалған шанаш байлап.
 Бәдік болсаң, сені мен білер едім,
 Ернің тесіп терекке ілер едім.
 Ернің тесіп терекке іліп қойып,
 Бір ауық тамашаңа күлер едім.

Бәдік өлеңнің бұл халықтардағы шумақтары негізінен 11 буынды қара өлең үлгісіне құрылып, әуенмен, екі жік боп айтуға әбден икемделіп, қалыпқа түскен жаттанды да

дағдылы, іріктелген іліктес шумақтардан тұрады.

Ғылымда анықталғандай кез келген арбау мәтінінде тірек-сөздер болатыны сынды мұнда да тірек-сөз бар, ол – «бәдік» пен «көш» деген қосарланып, айтылатын екі сөз.

Біздің зерттеуіміз негізінде 2022 жылы Өзбекстан қазақтары арасында жасаған экспедицияда бәдікті өткеру ғұрпы түгелімен орындалып, мән-жайы егжей-тегжейлі жазылып алынды.

Өзбекстан Республикасы Науаи облысы Үшқұдық ауданы Мыңбұлақ ауылының тұрғыны Тұрсынқұл Нұрымбетқызы Қожахметова (23.03.1942 ж. Туған. Руы кіші жүз Шөмекей кедей) қазіргі таңда кұәпсан айтып ауруды көшіруді шынайы сақтап отырған бірден-бір жас ұрпаққа тасымалдаушы мұрагер.

Мысалы,

Күләпті баста десең, оу, бастай келдік,
Басына барша шапан, ахоу, жастай келдік. Көш, көш.

Күләбі бұл баланың, оу, басында еді-ай,
Айтқаным менің күләп, ахоу, жасымда еді-ай. Көш, көш.
Күләбі бұл баланың, оу, маңдайында,
Күләпті үш күн айтып, ахоу, аңдайында.
Көш, көш.

Күләбі бұл баланың, оу, қолында еді-ай,
Айтқаным менің күләп, ахоу, оңымды еді-ай. Көш, көш.
Күләбі бұл баланың, оу, белінде еді-ай,
Айтқаным менің күләп, ахоу елімде еді-ай. Көш, көш.

Күләбі бұл баланың, оу, аяғында,
Айтқаным менің күләп, ахоу, баяғыда. Көш, көш.

Ай күләп, көшер болсаң, оу, тауларға көш,
Қызыл гүл тау ішінде-ай, ахоу, бауларға көш. Көш, көш.

Ай күләп, көшер болсаң, оу, інгенге көш,
Інгенге тоқым салып, ахоу, мінгенге көш. Көш, көш.

Ай күләп, көшер болсаң, оу, айдан айға,
Жып-жығын жылқы ішінде, ахоу, жорға тайға. Көш, көш.

Тұрсынқұл Нұрымбетқызының айтып берген осы кұәлапсанның музыкалық әуені жеңіл қара өлең үлгісінде орындалады. Әр екі жолдан кейін көш, көш деген сөз айтылып ауруды көшіру басқышын жасайды. Мәгіннің соңындағы көш, көш сөзін айтқанда дауысқа екпін беріп, ауруды кет, көш деген пәрменмен қуалайды. Біз жазып алған осы бәдік өлеңде, ауруды емдегенде ән-өлеңдермен қоса, емделген адамның үстіне орамал жауып оны ән әуенімен қоса желпіп қозғап отырады. Көш, көш сөзін айтқанда орамалды қаттырақ желпіп қозғалыс қимылын жасайды. Бәдік-күләпсанды домбырамен сүйемелдеп және қараөлеңшілер тәрізді аспапсыз да айтқан. Біз Өзбекстан қазақтарынан жазып алған ауру көшіруде айтатын осы күләпсан аспапсыз әндетіп айтылды. Ал қазақ даласында Торғай өңірінде айтылған күләптардың кейбірі домбырамен айтылса, кейбірі аспапсыз айтылған. Кейбір орындаушылар халыққа кең таралған халық немесе халық композиторларының белгілі әуендеріне салып та айта берген [24]. Бірақ аспаппен немесе аспапсыз айтылса да күләпта музыкалық әуеннің басым екені анық. Айтушылар ескі халықтық әуендерге, қара өлеңнің сарындарына салып айтатыны анықталды. Тұрсынқұл Нұрымбетқызының айтуында, күләп – бұл балаға да, үлкен адамдарға да шығатын жара. Ол құрғақ күләп және

сулы күләп болып бөлінеді. Құрғақ болып шықса күріш шашамыз, сулы болып шықса су шашамыз. Содан кейін баланы қырық қадам жерге дейін жүгір деп артына қаратпай жүгіртеді. Содан кейін «тіфә, тіфә» деп бала екі жағына қарап түкеріді де, сол кезде гүләп төгіліп қалады. Серт бойынша үш күн айтылады немесе жеті күн айтылады.

Жалпы музыкалық әуенде белгілі қимылдармен бәдік-күләпсан айтып ауруды көшіру синкреттік сипатта әсер береді. халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнап келе жатқан ән шығармашылығындағы синкретизм туралы Э.Е. Алексеев «Синкреттік мәдениеттің негізгі белгісі көптеген халықтардың дәстүрлі фольклорында бүгінде көрініс тауып жалғасуда, поэзия мен музыка жеке-жеке өмір сүрмеген, олар тұтас бір дүниенің екі жағы болған» [25] деп жазады. Соңдықтан да, тақпақталып айтылатын жаңылтпаш пен бәдік-күләпсен жанрларының мәтіндік және орындалу жағынан бір-біріне өте жақын жанрлар екені сөзсіз. Бәдікте халқымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салтының кескіні бедерленіп, там-тұмдап әлеуметтік сын-пікір де көрініс тауып қалады. Көршілес халықтардың, рулардың аты аталып, олардың ерекшеліктері, шаруашылық қалыбы айшықталады. Тіпті аракідік тарихқа деген көзқарас та орын алғаны байқалады. Бұл қырынан бәдік магиялық жанрлардың ішінде бұқарашыл сипатымен дараланып тұр.

Жаңылтпашта салтымыз бойынша, ойын-сауыққа жиылған жастар шетінен ән сап, қызықты өнер көрсетуге тиіс. Бұл тамашадан тартынақтаған ұяң, жасқаншақ жандарға ойынды басқарушы адам «жаңылтпаш айт» деп ұйғарған, алдымен жаңылтпаштың сөзін өзі жайлап айтып, содан кейін оны шапшаңдата қайталап айтуды талап еткен. Егер жазаланушы қырлы да қиын сөздерді қиуын қашырмай, орамын бұзбай айта алмаса, көпшілікке күлкі, тәлкек болған. Осылайша жаңылтпашты бір жағынан өнер-білім үйренуге салғырт қарайтын жігерсіз, ұялшақ жандардың намысын қамшылайтын қару еткен.

Халық мұрасының білгірі С. Сейфуллин «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ерте, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстартуларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп, еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын» - деп жазады [26].

Жаңылтпашты көбінде үлкендер жағы тек балалардың тілін жетілдіру үшін ғана айтылатын жанр деп ойлайды, шын мәнінде халқымыздың айтыс өнерінде де жаңылтуды мақсат ететін, қарсыластың ойын жаңылдыруды мақсат ететін тұсы да бар. Бұл жаңылтпаштың тек сөз жарысы ғана емес, сөзбен музыкалық әуен негіз ететін қазақтың ақындық өнерімен де өте жақын жанр екенін көрсетеді.

«Ерте кезде ойын-сауықтарда жаңылтпаш айтқызу қазақтың салты болған. Жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде қолданылған» - деп жазады ғалым М. Ғабдуллин [27, 43].

Ол жөнінде белгілі ғалым К. Матыжан «Жаңылтпаштың шығу тегі мен оның алғашқы функциясы ғылымда жете тексеріле қойған жоқ. Егер жаңылтпаштың күрделі өлең құрылысына назар аударсақ, оны шығарушылардың ересектер екеніне күмән тумайды. Яғни, ерте заманда пайда болып, үлкендер репертуарында өмір сүрген жаңылтпаш келе-келе балалар ортасына көшкен», - деп түйін жасайды [28, 114-115].

Әлбетте, осы үлгі бала тілінің жетігіп-жетілуіне, оралымды, анық сөйлеуіне, ана тілінің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауға баулиды [29, 150].

Әйгілі түркітанушы А. Самойлович жаңылтпашты екі топқа жіктейді. Бірінші топқа қырлы сөздерін жітірмелетіп шапшаң айтқанда адам жаңылысып мағынасы ерсі сөзге айналып күлдіргі тудыратын жаңылтпаштар, екіншісі кедір-бұдыр сөздерін келістіріп айта алмасаң, тіл мүдіртетін қиын үлгілер [30, 197].

Ол жайында қазақ балалар әдебиетінің білгірі Шеген Ахметов: «Бұл жанр тікелей балалар әдебиетіне арналған, көбіне мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты. Олай дейтініміз жеке дыбыстар мен айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету – көбіне балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде

оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған еліктіру арқылы жаттығу жұмысын жүргізу үшін қолданылған шеберлік бар... үлкен кісілер..баланың тіліне, оның әрбір тәтті сөздері мен тартымды қылықтарына күле отырып, оларды дұрыс сөйлеуге баулиды» – дейді [31, 31].

Бұл қатарға авторлардың 2022-2023 жылдары Ақмола облысына жүргізген музыкалық-этнографиялық экспедиция барысында Ақмола облысы Атбасар ауданы Сергеевка ауылының тұрғыны Құмар Шошабайұлы айтып берген:

Алты қотыр атанға,

Алты қолтық отын арттым [32, 121]., жаңылтпашы мен Атбасар ауданы Мариновка ауылының қарт тұрғыны, Ерсайын Бағдатұлы айтып берген

Құрықтан құлдырап түстім,

Сырықтан сылдырап түстім [32, 122]. Қатарлы жаңылтпаштары жатады.

Кейбір бүлдіршіндер сөйлегенде «с, з, ш, ж» дыбыстары ажыратылмай аралас айтылып, не «с», не «ж» емес, екеуінің арасында көмескіленген үн естіліп жататын жайттар бар. Осындай кемшіліктер көбінесе баланың ауыз бен ауыз қуысындағы сөйлеу мүшелерін дұрыс пайдалану дағдыларының қалыптаса қоймауы салдарынан туындайды. Айталық, балдырған «ш»-ны айтқанда, тілін тісінің екі арасынан шығарып алады, сондықтан дыбыс «с»-мен «ш»-ның арасынан естіледі. «Қ» – тіл арты дыбысы, оны бала тілдің ұшынан, яғни тілін тісінің арасына қыстырып айтады, сондықтан «қ-т» болып бұрыс естілетін ағаттық туады [33, 85].

Халық мұндай мүкістіктерді жою үшін төмендегідей жаңылтпаштарды тиімді қолдана білген:

Әкем жонған үшқат оқ,

Жуан бақан қолға тоқ [32, 121].

1927 жылы Молдағали Жолдыбайұлы мен Тел-Жан Шонанұлының алғы сөзімен жарық көрген «Балаларға тарту» атты еңбекте, мәдениетті елдің балаларының көп ойыны болады. Бұл ойындар балалар әдебиетінде жазылып елден елге тарап тұрады. Қазақ балаларының да ойындары болатұғын. Бірақ ол ойындар қағазға жазылмаған соң, бұл күнде азып-тозып жоғалып кетуде» деп балалар фольклорының аса маңыздылығын айта келіп, еңбектің үшінші бөлімінде сол кездегі ел аузынан жиналған күлдіргі, жұмбақ, жаңылтпаштар берілген:

Анау арал, қай арал?

Қайыңды арал, талды арал,

Ішінде бұзаулы ала марал [16].

Қырғыз жаңылмачы осы үлгіге ұқсас:

Ал аралда да марал,

Бул аралда да марал.

От экен маралға да арал,

Отгосун аралға да марал [34, 385]

Көшпелі салтын жоғалытпаған қытайдағы қазақтар арасында да осы тектес жаңылтпаштардың түрі кең сақталған:

Бурыл атты қыз,

Бұйра айдарлы қыз,

Бура айдайды қыз [35, 17].

Моңғол жаңылтпашы:

Арван таван тарган тарлан,

Хар сарлагийн таргийг

Тараг биш гэж эс уугаад,

Ямар арван таван тарган тарлан,

Хар сарлагийн таргийг,

Тараг мөн гэж уух вэ?

Құмық жаңылтпашы «Къара къаргъа, къарай къаргъа/ қара қарға, қарға қара».

Нәтижелер. Бауырлас халықтардағы бәдік мәтінінде айырмашылық аз, үлгілер құлаққа үйреншікті. Арғы әлемнің айбатты ие-киелерімен сөйлесуге арналған арбау, бақсы сарындарында түсініксіз, жат, сырлы сөздер шоғыры көп болса, керісінше бәдік өлеңде түсініксіз бірді-бір сөз, сөйлем жоқ. Бұл ұжымдық түрде ашық дамыған бәдік жанрының халықтық сипатын да танытқандай. Мұның өзі бұл жанрдың түп-түқияны, арғы тегі ерте дәуірде қалыптасқанымен, кейін келе ғұрыптық-мифологиялық қабығынан біртіндеп ажырап, соңын ала жастардың ойын-ермегіне біржола айналғандығын аңғартады. Арбау, бақсы сарыны 7-8 буынды жыр үлгісінде болса, бәдіктің қара өлең нақышына етене икемделіп кетуі оның бізге жеткен нұсқасы тым ежелгі мұра еместігін де байқатқандай. Жалпақ түрік-моңғол кеңістігін былай қойғанда, басқадай бауырлас түрік жұрттарында болмауы бұл жанрдың жаңа дәуірдің бедерінде кейінірек қалыптасқандығын, болжауымызша, түркі бірлігі ажыраған соң, Орта Азиядағы хандықтар дәуірінде өнімді өркен жайғанын білдіреді.

Қазақ бәдігінде Қаратау, Тәшкен, Сайран, Үргеніш, Жизақ, Сусамыр, Арқа, Меке, Бадам секілді топонимдер, қоқан, қалмақ, орыс, сарт, өзбек, қыпшақ, әлім, арғын секілді этнонимдер бар. Қырғызда шүршіт, қытай, сарт, нойғут, моңол, сарбағыш, Сусамыр, Куртка, Бадакшан, Кыйба (Хиуа), Бежин, Соңкөл, Бешкөл, Чатыркөл, Текес, Ындыстан, Есіл, Нұра, қарақалпақта сарт, қазақ, қалмақ, Қарақұм, Шоманай, Пуқара (Бұқара), Хиуа секілді ел-жер аттары кездеседі. Осылайша бәдікте нақтылы ел-жердің аты айтылып, аталмыш халықтардың көршілері мен жіті таныс өлкелері туралы қысқа дерек беріледі.

Жаңылтпаштардың сөз кестесінде сан есімдердің жиі кездесетіні байқалады. Бұл баланы сан санап үйренуге, нақтылыққа, зеректікке баулыса, екіншіден, жаңылтпаштарды күрделі де күдір, ажарлы да астарлы ете түсетін айшықтаушы құрал қызметін атқарады. Мысалы, «Жүз қырық үш қызғыш құсқа, Жүз қырық үш қызғыш құс қосса, болады неше жүз қырық үш қызғыш құс?», «Есет атам ет асатар, ет асатса бес асатар», «Жоғалды бес шыбыш, жоқ әлі еш сыбыс», «Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішіп піштім?», «Қырық құрықтық, сырық қырықтық».

Экспедицияда жазылып алынған мына бір жаңылтпашқа назар аударайық:

Қырық қырықтықшы,

Қырық қойды қырықты ма?

Қырық қырықтық,

Қырық қойды қырықты ма [36, 228].

Жаңылтпаш арқылы балаға айнала төңіректі, салт-дәстүрді, тұрмыс-шаруашылықты, өмірдегі сан алуан көріністерді таныстыру да көзделеді. Бұл жаңылтпаштың қоғамдық мәні, ғибраттық нәрі мол екендігінің белгісі.

Қырғыздарда бұл жаңылтпашқа ұқсас «Жас қайысты тоқпақтаспайсыздар ма, жас бүркітті томағаласпайсыздар ма?» деген үлгі де бар.

Экспедиция барысында әлі де болса, ел ішінде балаларына жаңылтпаш айтатын, тіпті өздері де жаңылтпаш шығаратын жандарды кездестірдік. Кейбір тыңнан кездесетін үлгілерді де жинастырдық. Мысалы, Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылының тұрғыны, Монғолиядан көшіп келген қандас Ұмсындық Көнселханқызының 1957 жылы 2 сынып оқып жүргенде анасынан үйренген балалардың тілін ұштау үшін айтылатын мынадай жаңылтпаш өлең дәлел:

Жас лақ жан сүйдіреп болдың ерке,

Боларсың сендер жетіп ертең серке.

Лақ болған күніңді ұмытып кетпе,

Жүресің жүрегіңнің сырын шерте [32, 123].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, бәдік өлең Орта Азиядағы бауырлас елдерге, атап айтқанда қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжіктерге өңірлік сипатта таралғаны аңдалады. Түрік бірлігі ыдыраған соң бәдік жанры ежелгі дерт көшіру ғұрпында орындалатын

магиялық ескі өлеңді өзек етіп, жаңаша тұрпатта қалыптасып, аталмыш халықтар арасында өркен жайғаны байқалады. Бұл өлеңнің арғы тамыры анимистік танымды, мифологиялық жүйені арқау еткенімен мәтінінде бірде-бір түсініксіз сөздер жоқ болуы, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің үзік-үзік бедер-бейнесін ашық суреттеуі, қара өлең пішінінде «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп» сауықшыл жастар арасына кең таралып, әдет-салт айтысының дамуына септесуі – осы жанрдың қатпар-қыртысы ала-құла, бізге жеткен мәтіндер негізінен кейінгі замандарда қоңсы халықтар арасында қалыптасып өріс алған үлгі деуге дәйек бар.

Жаңылтпаштар баланың тілін ұстартып, шаршы топта өзін байыпты, байсалды ұстап, ой жүйесін басқарып тиянақтауға, ана тілінің үн әуезділігін мінсіз меңгеруге, шебер сөз саптауға, зеректікке, шұғыл зейін аударып, тура да әділ шешім қабылдауға дағдыландырады, бір сөзбен айтқанда, жасөспірімді шешендік өнерге икемдеп үйретеді.

Біздің ғылыми-зерттеуімізкезінде жазылып алынған бәдік-күләпсан мен жаңылтпаштар Өзбекстанда өмір сүретін қазақтар мен Ақмола жерінде ежелден мекендеген елдің және тәуелсіздік жылдары еліміздің осы солтүтік өңірлерге қоныс тепкен қандастар арасында сақталып отырғаны анықталды. Яғни, елге оралған қандастар арасында салт-дәстүрге, музыкалық-фольклорға, орындаушылық өнерге қатысты қазіргі таңда жастар санасынан өшкіңдеп бара жатқан қыруар құндылықтарды ала келгені байқалды. Авторлардың «Жас ғалым» жобасы аясында жүргізген зерттеулеріне сәйкес тек музыкалық мұраларды ғана емес, елді-мекендердегі халықтың жадында сақталған халық ауыз әдебиетінің және музыкалық фольклор үлгілері де жиналып, хатталғанын ерекше айтамыз. Авторлардың жоба аясында Ақмола және Өзбекстан жеріне жүргізілген экспедицияда жиналған құндылықтарының ішінде халық ауыз әдебиетінің жаңылтпаштан басқа музыкалық фольклорға қатысты жанрлары туралы зерттеулері отандық ғылыми басылымдарда жарық көрсе [37, 220-237], қазақтардың фольклоры мен өнеріне қатысты зерттеулері әлемдік басылымдарда да жарық көрді [38, 57].

Әдебиеттер

1. Саримсаков Б. Узбек маросим фольклоры. – Ташкент: 2001 СПб. 1986. – 960 с.
2. Диваев А. Киргизские болезни и лечение их посредством пения бедик // Туркестанские ведомости. – Ташкент: 1907. – 440 с.
3. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
4. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. I. Т. – Қызылорда: 1932.
5. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.7. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 416 б.
6. Әуезов М. Әдет, салт айтысы // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948.
7. Кенжебаев Б. Бәдік, арбау, жалбарыну // Қазақ әдебиетінің тарихы. Т. I. Фольклор. – Алматы: 1948.
8. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Материалы по диалектологии. Т. I. – Москва: Издательство АН СССР, 1951. – 408 с.
9. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Т.15. – Алматы: 1979.
10. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 245 б.
11. Давкараев Н. Шығармаларының толық жинағы. Бірінші бөлім. Т.2. – Нукус: Каракалпакстан, 1977.
12. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1974. – 288 б.
13. Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 176 б.
14. Самойлович А. Из казах-киргизских материалов М. Чокаева // Живая старина. – Вып. II. – СПб, 1916. – 26 с.

15. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1926. – 286 б.
16. Балаларға тарту. Оқу құралы орнына. Екінші басылуы. – Ленинград: Мемлекет баспасы К.А.С.С.Р., 1927. – 72 б.
17. Гаврилов М.Ф. Киргизские скороговорки // Бюллетень САГУ. – 1927. – Вып. 16. – Б. 35-38.
18. Кучкарова Ж.А., Джусупов М. Роль и примеры паремиологических единиц в узбекском, английском, русском и казахском языках. [https://7universum.com/pdf/philology/5\(83\)%20\[11.05.2021\]/Kuchkarova.pdf](https://7universum.com/pdf/philology/5(83)%20[11.05.2021]/Kuchkarova.pdf)
19. Раззоқов Х., Мирзаев Т., Собиров О., Имомов К. Узбек халк оғзаки поэтик ижоди. – Тошкент: Укитувчи, 1980. – 360 б.
20. Гадамба Ш., Цэрэнсодном Д. Монгол ардын аман зохиолын дээж бичиг. – Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1978. – 304 х.
21. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бес томдық. 2-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Ісімақова А., Рақыш Ж., Мұстафаева К., Ахмет Ә. – Алматы: Brand Book, 2022. – 876 б.
22. Алпысбаев Т., Қабдолова Қ., Шафиғов М., Шоқпарова С. Тазша бала // Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Ертегілер. – Т. 2. – Алматы: 1988.
23. Абылқасымов Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры. Хрестоматия. – Алматы: 2004. – 224 б.
24. <https://youtube.com/shorts/A-IjH4Mbfwg?si=YGuS0egpHrWSSlv2>
25. Алексеев Э.Е. Раннефольклорное интонирование. Звуковысотный аспект. – М.: Советский композитор, 1986. – 240 с.
26. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Қызылорда: 1932. – 253 б.
27. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 318 б.
28. Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 143 б.
29. Негимов С. Жаңылтпаш // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырған З. Ахметов., Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
30. Самойлович А.Н. Крымско-татарские скороговорки. Сборник музея антропологии и этнографии. – Санкт-Петербург, 1918. – Т. 5. – № 1. – Б. 97-200.
31. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 328 б.
32. Маулет А. Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. I том. – Астана: 2022. – 600 б.
33. Қабдыразақұлы Қ. Халық педагогикасы хақында. – Өлгий: Баян-Өлгий аймгийн Хэвлэх үйлдвэр, 1976. – 94 б.
34. Кыргыз адабиятынын тарыхы. Т.1. А. Акматалиевдин жалпы редакциясы астында. – Бишкек: Кут-бер, 2017. – 710 б.
35. «Мұра» журналы. Отыз жылдық таңдамалылар (1982-2021). Том 1. Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы зерттеулер / Құраст.: Қинаятұлы Д. – Үрімжі: Шыңжаң Әсем өнер-фотосурет баспасы, 2012. – 800 б.
36. Маулет А. Сарыарқа қазақтарының музыкалық-фольклорлық Мұрасы // Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы. – «Қазына» сериясы. VI-том. – ред. А. Онгарулы. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2020. – 352 б.
37. Маулет А., Қобландин Қ.И. Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №4/2023. –Б. 220-237. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.15>
38. Maulet A., Smakova Z.N., Junussova B.B., Karsakbayeva A.A., Rakymzhan A. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International Journal of Environmental and Science Education. – Volume 11, Issue 18, 2016. – 11449-11465 pp. DOI: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0 84997235792&origin=inward&txGid=8b705a60df2e90c2c296f4656a266289>

А. МАУЛЕТ,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

А. ТОЙШАНУЛЫ.

Международная Тюркская академия, Астана, Казахстан

ОБЩИЕ ЧЕРТЫ НЕКОТОРЫХ ФОЛЬКЛОРНО-МУЗЫКАЛЬНЫХ ЖАНРОВ

Аннотация. В данном исследовании были сопоставлены фольклорно-музыкальные жанры казахов (бадик-кулапсан, скороговорки) с некоторыми жанрами таких народов как киргизы, узбеки, кумыки и монголы. Например, древнейшая магическая песня (в музыкальном сопровождении), встречающаяся в фольклоре, получило региональное распространение только среди казахских, каракалпакских, киргизских, узбекских, таджикских народов, обитающие в Центральной Азии. Авторы считают что жанровая форма «бадик», возникла после распада тюркского объединения. Жанр бадик изначально возник как основа древнетюркской песни, исполняемой в обрядах древнетюркских народов. Однако есть основания полагать, что ее тексты возникли в более поздние времена, поскольку эта песня не была распространена у всех тюркских народов, а встречалась только среди народов Центральной Азии.

Поскольку скороговорки являются малым жанра, их изучение началось гораздо позже. Скороговорки не имеют определенного музыкального сопровождения (как бадик-кулапсан), но они исполняются в виде стихов в соответствии с интонационными особенностями каждого человека, при этом упор делается на частоту слов. Поэтому в бадик-кулапсане преобладает особая музыкальная мелодия. Скороговорки являются инструментом для коррекции речи детей, приобщая их к ораторскому искусству. А песни бадик-кулапсан носят региональный характер только для казахских, киргизских, каракалпакских, узбекских, таджикских народов Центральной Азии. Иногда один из видов бадика называли кулапсаном.

В этом исследовании были особенно изучены песни бадик-кулапсан, которые используются в настоящее время только у казахов Узбекистана, а также образцы из еще не опубликованных редких книг алашской интеллигенции.

Ключевые слова: бадик, кулапсан, скороговорки, фольклор, тюркские народы, детский язык, экспедиция, исследование.

A. MAULET

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

A. TOISHANULY

Expert of the International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan

GENERAL FEATURES OF SOME FOLKLORE-MUSIC GENRES PRESERVED BY KAZAKHS ABROAD

Abstract. This study compares such musical and folklore genres as badyk-kulyapsan, tongue twisters, widespread among nomadic peoples of the Kazakh steppes, with some genres of such peoples as Kyrgyz, Uzbeks, Kumyks and Mongols. For example, the most ancient magic song (with musical accompaniment), found in folklore, is regionally spread only among Kazakh, Karakalpak, Kyrgyz, Uzbek, and Tajik peoples living in Central Asia. This song is not found only among related Turkic peoples, so the authors consider badiк a genre form that emerged after the disintegration of the Turkic unification. The badiк genre originally emerged as the basis of ancient Turkic song performed in the rituals of ancient Turkic peoples. However, there are reasons to believe that its texts emerged in later times, as this song was not widespread among all Turkic peoples, but was found only among the peoples of Central Asia.

Since tongue twisters are a small genre, their study began much later. The tongue twisters do not have a certain musical accompaniment as badiк-kulapsan, but they are performed in the form of verses in accordance with the intonation peculiarities of each person and the emphasis is placed on the purity of words. Therefore, a special musical melody prevails in badiк-kulapsan. The tongue twisters

are a playful instrument, which is rationally used to correct children's speech, introducing them to the oratorical art. Badik-kulapsan songs are of regional character only for Kazakh, Kyrgyz, Karakalpak, Uzbek, Tajik peoples of Central Asia. Sometimes one of the badik types was called kulyapsan.

In this study, the songs of badik-kulyapsan, which are used at present only among the Kazakhs of Uzbekistan, as well as samples from not yet published rare books of the Alash intelligentsia, were introduced into the scientific turnover.

Keywords: badik, kulapsan, tongue twisters, folklore, Turkic peoples, children's language, expedition, research.

References

1. Sarimsakov B. Uzbek marosim fol'klory. – Tashkent, 2001. – SPb, 1986. – 960 s.
2. Divaev A. Kirgizskie bolezni i lechenie ih posredstvom penija bedik // Turkestanskije vedomosti. – Tashkent, 1907. – 440 s.
3. Baitürsynüly Ahmet. Alty tomdyq syğarmalar jinağy. I tom. – Almaty: El-şejire, 2013. – 384 b.
4. Seifullin S. Qazaq ädebieti. I. T. – Qyzylorda, 1932.
5. Seifullin S. Köp tomdyq syğarmalar jinağy. T.7. – Almaty: Qazyğürt, 2007. – 416 b.
6. Äuezov M. Ädet, salt aitysy // Qazaq ädebietiniñ tarihy. – Almaty: Qazaq SSR Čylym akademiasynyñ baspasy, 1948.
7. Kenjebaev B. Bädik, arbau, jalbarynu // Qazaq ädebietiniñ tarihy. T.I. Fölklor. – Almaty, 1948.
8. Baskakov N.A. Karakalpakskij jazyk. Materialy po dialektologii. T.I. – Moskva: Izdatel'stvo AN SSSR, 1951. – 408 s.
9. Mūqanov S. Tañdamaly syğarmalar. T.15. – Almaty: 1979.
10. Jarmūqamedov M. Aitystyñ damu joldary. – Almaty: Čylym, 1976. – 245 b.
11. Davkaraev N. Şyğarmalarynyñ tolyq jinağy. Birinşi bölim. T. 2. – Nukus: Karakalpakstan, 1977.
12. Uahatov B. Qazaqtyñ halyq öleñderi. – Almaty: Qazaq SSSR-niñ «Čylym» baspasy, 1974. – 288 b.
13. Abylqasymov B. Telqoñyr. Qazaqtyñ köne nanym-senimderine qatysty ğūryptyq föklory. – Almaty: Atamūra-Qazaqstan, 1993. – 176 b.
14. Samojlovich A. Iz kazah-kirgizskih materialov M. Chokaeva // Zhivaja starina. – Vyp. II. – SPb, 1916. – 26 s.
15. Baitürsynüly A. Ädebiet tanytqyş. – Qyzylorda: Qazaqstan memleket baspasy, 1926. – 286 b.
16. Balalarğa tartu. Oqu qūraly ornyna. Ekinşi basyluy. – Leningrad: Memleket baspasy K.A.S.S.R., 1927. – 72 b.
17. Gavrilov M.F. Kirgizskie skorogovorki // Bjulleten' SAGU. – 1927. – Vyp. 16. – B. 35-38.
18. Kuchkarova ZhanarAbdimurodkiži., Mahanbet Dzhusupov. Rol' iprimeryparemiologicheskikh edinic v uzbekskom, anglijskom, russkom i kazahskom jazykah. [https://7universum.com/pdf/philology/5\(83\)%20\[11.05.2021\]/Kuchkarova.pdf](https://7universum.com/pdf/philology/5(83)%20[11.05.2021]/Kuchkarova.pdf)
19. Razzoқov H., Mirzaev T., Sobirov O., Imomov K. Uzbek halk orzaki pojetik izhodi. – Toshkent: Ukituvchi, 1980. – 360 b.
20. Gaadamba Sh., Cjerjensodnom D. Mongol ardyn aman zohiolyn djejezh bichig. – Ulaanbaatar: Ulsyn hjevljelijn gazar, 1978. – 304 h.
21. Ahmet Baitürsynüly. Şyğarmalarynyñ akademialyq tolyq jinağy. Bestomdyq. 2-tom / Tomdy qūrastyryp, baspağa daiyndağandar: Matyjanov K., Isımaqova A., Raqyş J., Mūstafaeva K., Ahmet A. – Almaty: Brand Book, 2022. – 876 b.
22. Alpysbaev T., Qabdolova Q., Şafiğov M., Şoqparova S. Tazşa bala // Qazaq halyq ädebieti: Köp tomdyq / Ertegiler. T.2. – Almaty: 1988.
23. Abylqasymov B. Nanym-senimder ğūrpynyñ föklory. Hrestomatia. – Almaty: 2004. – 224 b.
24. <https://youtube.com/shorts/A-IjH4Mbfgw?si=YGuS0egpHrWSSiv2>
25. Alekseev Je.E. Rannefol'klornoe intonirovanie. Zvukovysotnyj aspekt. – M: Sovetskij kompozitor, 1986. – 240 s.
26. Seifullin S. Qazaq ädebieti. – Qyzylorda: 1932. – 253 b.

27. Ćabdullin M. Qazaq halyq auyz әdebieti. – Almaty: Mektep, 1974. – 318 b.
28. Islāmjanūly K. Ruhani uyz. – Almaty: Ana tılı, 1995. – 143 b.
29. Negimov S. Jañyltpaş // Әdebietтану. Terminder sözdıgı. Qūrastyrған Z. Ahmetov., T. Şañbaev. – Almaty: Ana tılı, 1998. – 384 b.
30. Samojlovich A.N. Krymsko-tatarskie skorogovorki. Sbornik muzeja antropologii i jetnografii. – Sankt-Peterburg, 1918. – T. 5. – № 1. – B. 97-200.
31. Ahmetov Ş. Qazaq balalar әdebieti tarihyның ocherki. – Almaty: Mektep, 1965. – 328 b.
32. Maulet A. Aqmola oblysynyñ materialdyq emes мәdeni mūrasy: keşendi ekspedisialyq zertteuler. I tom. – Astana: 2022. – 600 b.
33. Qabdyrazaqūly Q. Halyq pedagogikasy haqynda. – Ölgı: Baian-Ölgı aimgin Hevleh üildver, 1976. – 94 b.
34. Kyrgyz adabiatynyn taryhy. T.1. A. Akmataliyevdin jalpy redaksiyasy astynda. – Bişkek: Kutber, 2017. – 710 b.
35. «Mūra» jurnaly. Otyz jyldyq tañdamalylyar (1982-2021). Tom 1. Qazaq halyq auyz әdebieti turaly zertteuler / Qūrast.: Qinaiatūly D. – Ürimji: Şyñjañ Äsem öner-fotosuret baspasy, 2012. – 800 b.
36. Maulet A. Saryarqa qazaqtarynyñ muzykalyq-folklorlyq mūrasy // Dalalyq Eurazia tösindegi Saryarqa mūrasy. – «Qazyna» seriasy. VI-tom. – red. A. Ongaruly. – Nūr-Sūltan: Qazaqstan Respublikasy Ūlttyq muzeii, 2020. – 352 b.
37. Maulet A., Qoblandin Q.İ. Aqmola qazaqtary fōlklorlyq mūrasyның estetikalıq māni // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – №4/2023. – B. 220–237. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.15>
38. Maulet A., Smakova Z.N., Junussova B.B., Karsakbayeva A.A., Rakymzhan A. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International Journal of Environmental and Science Education. – Volume 11. – Issue 18. – 2016. – P. 11449-11465. DOI: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-84997235792&origin=inward&txGid=8b705a60df2e90c2c296f4656a266289>

Авторлар туралы мәлімет:

Маулет Ардаби – философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің постдокторанты, ҚР Ұлттық музейінің бөлім жетекшісі, Астана, Қазақстан.

Маулет Ардаби – доктор философии (PhD), постдокторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, руководитель Отдела Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Maulet Ardabi – Doctor of Philosophy (PhD), Postdoctoral fellow of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Head of the Department of the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

Ақеділ Тойшанұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық түркі академиясының сарапшысы, Астана, Қазақстан.

Акедил Тойшанұлы – кандидат филологических наук, эксперт Международной Тюркской академии, Астана, Казахстан.

Akedil Toishanuly – Candidate of Philological Science, Expert of the International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan.